

Абдулаева Әйгерім Бекмұханбетқызының 8D01502-Физика білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне

ПІКІР

Қазіргі кезде халықаралық қауымдастықта жоғары білім берудің мақсаттары, міндеттері, әдістері мен технологияларына халықаралық және көпмәдениетті аспектілерді интеграциялаудан тұратын білім беруді жаһандандыруға бағыттау байқалады. Қазіргі заманғы мектептегі білім беруді жетілдіру жаһандық контекстті, қолданыстағы халықаралық стандарттарды ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс. Сипатталған жағдайларда қазіргі заманғы көпмәдениетті контекст пен субъект-субъектілік білім беру парадигмасының ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи білім беру ортасындағы мектеп мұғалімінің орны мен рөліне ерекше назар аудару керек.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде жаңа формациядағы мұғалімді қалыптастыру, мектеп пен жоғары білім сапасын арттыру, оқушының әлеуметтік табысты тұлғасын дамыту мақсатында білім беруді жаңғырту жолдарын қарқынды іздеу жүргізілуде.

Білім беру жүйесінің тиімділігі педагогикалық қызметтің сапасына тікелей байланысты. Индустрия 4.0 дәуірінің мұғалімі қандай болуы керек? Мұғалімнің инновациялық мәдениеті дегеніміз не? Осы және басқа да сұрақтарға жауаптар білім беру жүйесін одан әрі жаңғыртуды айқындайды. Динамикалық түрде өзгеретін әлемге бейімделу қазіргі заманда өмір сүрудің шарты болып табылады. Жаңа индустрияның қалыптасу процесінде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер заманауи білім берудің алдында тұрған жаңа міндеттерді айқындайды. Жаңа мамандықтардың пайда болуы және білім беру мекемелері түлектерінің құзыреттілігіне қойылатын талаптардың өзгеруі білім берудің мәні мен мазмұнын өзгертуге, оқытудың жаңа әдістері мен құралдарын енгізуге дайын болуды талап етеді.

Білім беру технологияларының дамуына, педагогикалық қызметке қойылатын талаптардың өзгеруіне және оқушылардың зерттеу біліктерін қалыптастыру қажеттілігіне байланысты қазіргі тенденциялар ізденушінің зерттеу жұмысының өзектілігін анықтайды.

Абдулаева Әйгерім Бекмұханбетқызы өзінің диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижесінде келесі ғылыми-педагогикалық нәтижелерге қол жеткізді:

- физика пәнін ақпараттық білім ортасында оқытуда оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;
- оқушылардың эксперименттік-зерттеу қызметін ұйымдастырудағы мектептің ақпараттық білім ортасының педагогикалық әлеуеті анықталды;

- болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлау моделі құрылды;

- болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасы құралдарын қолдана отырып оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлау әдістемесі жасалды.

Докторант зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасау негізінде оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін, оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерінің қалыптасу деңгейінің критерийлері мен көрсеткіштерін, ақпараттық білім ортасы құралдарының жіктемесін, оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруда ақпараттық білім ортасы құралдарын қолданудың мүмкіндіктерін, болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлаудың компоненттерін айқындай алды.

Зерттеуде ұсынылған «Болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлау моделі», ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастырудың алгоритмі «B010 Физика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалары тобының студенттерін оқытуда әдістемелік көмек бола алады. Зерттеу барысында дайындалған «Мектептің физикалық эксперименті» электрондық оқу құралы, «Физика бойынша зертханалық жұмыстар» ЖАОК, «Физикалық оқу эксперименті және оның нәтижелерін өңдеу» оқу құралы оқу процессінде қолданылуда. Зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын педагогикалық жоғары оқу орындарының, физика пәні мұғалімдерінің тәжірибесінде, физика пәні мұғалімдерінің біліктіліктерін жетілдіру жүйесінде пайдалануға болады.


Ә.Б.Абдулаеваның болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлауға бағытталған диссертациялық жұмысы зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған ақпараттық білім ортасы құралдарының сараланып қолданылуымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының жоспарымен, зерттеу мақсатының міндеттерге сәйкестілігімен, алынған нәтижелерді өңдеуде математикалық-статистикалық әдістердің қолданылуымен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері ғылыми мақалалар мен конференция материалдарында жарияланып, білім беру тәжірибесіне енгізуге ұсынылған. Зерттеу барысында 27 еңбек жарық көрді.

Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан құрылымдық логикаға сәйкес жазылған. Докторанттың жұмысы талаптарға сай рәсімделген.

Абдулаева Әйгерім Бекмұханбетқызының «Болашақ физика мұғалімдерін ақпараттық білім ортасында оқушылардың эксперименттік-зерттеу біліктерін қалыптастыруға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы көлемі, сенімділігі және ғылыми-практикалық маңыздылық деңгейі бойынша ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарына сай жазылған, толық аяқталған, өзбетінше орындалған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Осыған орай, Абдулаева Әйгерім Бекмұханбетқызы 8D01502-«Физика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын және диссертациялық жұмысты қорғауға жіберуді ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының кандидаты,
І.Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті



Н.Ж.Жанатбекова